

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 160 (9478) || 1954 жылғы 13 август Жұма || Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ (1-бет).
Қазақстан КП обкомі мен облыстық Совет аткомінде (1-бет).
В. Цаплин.—Үшастырылған жұмыс (1-бет).
Е. Шепелева.—Егін жыйнау қарқынын күшейтудемін. (1-бет).
Ә. Нұрмұхамедов.—Тұрмыста кездесетін кейбір зиянды ескі қалдықтардың белгілері (2-бет).
Шығыс аудандарда егін жыйнау ойдағыдай өткізілеін (2-бет).

Н. Шөжеев.—Бағалы бастама (2-бет).
М. Байқанов.—Үлгілі сатушы (2-бет).
АУЫЛШАРАУШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ БІР-БІРІМЕН ҮШ-ТАСТЫРЫЛА ЖҮРГІЗІЛСІН: С. Леңкеров.—Соголовта қыс болмай ма? (3-бет).
М. Усиевич.—Орыс ғылымының мақтанышы (3-бет).
Т. Есілов, Ж. Асанов.—ФЕЛБЕТОН «Шаңдай түете бір қызды алып қаштым» (3-бет).
Петропавлда (4-бет).
М. Оразалин.—Жаңа оқу жылына дайынбыз (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

Адам санасындағы капитализм қалдықтарына қарсы күресу—маңызды міндет

Ұлы Октябрь революциясының тамаша жеңісі қанаушы тапты мүлдем жойып, елімізде социализмнің салтанат құруын қамтамасыз етті. Совет халқының көсемі—Коммунистік партия халықтарымызды марксизм-ленинизм рухында тәрбиелеуде тарихи табыстарға жетті. Коммунистік партияның күнбе-күнгі жүргізіп отырған орасан зор тәрбие жұмыстары нәтижесінде халқымыздың сана-сезімінде үлкен өзгерістер жасалып, оның рухани бейнесі мүлдем өзгерді.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің туысқандық қамқорлығы арқасында совет халқының әл-ауқаты мен мәдени тұрмысы күн санап жақсарып келеді. Коммунистік партия шын мәніндегі нағыз халықтық партия болғандықтан оның барлық саясаты мен қызметі совет халықтарының материалдық қажетін үздіксіз жақсартуға бағытталған. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июль Пленумдарының қаулылары да елімізде халық тұтынатын заттар молшылығын жасау арқылы халқымыздың материалдық тұрмысын оған сайын жақсартуды көздейді.

Біздің елімізде социалистік идеология үстем болды. Оның мызғымас негізі—марксизм-ленинизм. Коммунистік партия, Совет мемлекеті капитализмнің адам санасындағы қалдықтарына қарсы, буржуазиялық көзқарасқа қарсы бітіспес күрес жүргізіп келеді және жүргізе береді. Совет адамдары қоғам мүддесін, мемлекет мүддесін бәрінен де жоғары санайды. Мұның өзі кәзіргі совет адамдарының творчестволық еңбегінен айқын көрініп отыр. Елімізде марксизм-ленинизм негіздеріне сүйенген социалистік идеологияның үстем болуы Коммунистік партияның қалың бұқара арасында капитализмнің адам санасындағы қалдықтарына қарсы жүргізіп отырған бітіспес күресінің нәтижесі болып табылады.

Бірақ, бұдан адам санасындағы буржуазиялық көзқарастың қалдықтары мүлде жойылды дегуге болмайды. Партиямыздың Орталық Комитетінің СОКП XIX съезіне жасаған есепті баяндамасында атап көрсетілгеніндей:

«... бізде буржуазиялық идеологияның қалдықтары, теократиялық, пантеондық

атеистік насихатты кеңінен өрістетіп, дінің реакциялық мәні, оның шығуы, зияндылығы жөнінде және басқа тақырыптарда лекциялар оқуды ұйымдастыру керек.

Алайда, облысымыздың көптеген партия ұйымдары адам санасындағы буржуазиялық ескі әдет-ғұрыптармен күресу, ғылыми-атеистік насихатты күшейту жұмыстарын кәзіргі талаптарға сай өрістетуге алмай отыр. Көпжағдайда мұндай насихат жергілікті фактілермен, ғылым мен техниканың қолжеткен табыстарымен байланыстырылмай, жалаң жүргізіледі. Осы себепті оның тыңдаушыларға айтарлықтай әсері болмайды. Әресе, село партия ұйымдары ғылыми-атеистік насихатты өрістетуге, адам санасындағы ескі әдет-ғұрыптармен күресуге жете көңіл бөлмей отыр.

Қалың бұқара ғылыми-атеистік насихатты кеңінен өрістетуде саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық және аудандық бөлімшелері үлкен роль атқарады. Олар ауыл-селода лекциялық насихатты күшейтіп, ескі діни әдет-ғұрыптарға бой ұрған адамдарды қорламай, оларға түрлі мысалдар арқылы әсер етіп, оның зияндылығына сендіруге керек.

Капитализмнің адамның сана-сезіміндегі қалдықтарының бірі—маскүнөмдік, бұзақылық, қоғамдық меншікке қалай болса солай қарау. Социализммен бірте-бірте коммунизмге өту кезеңінде адам санасындағы мұндай қалдықтардың жаны сірі болып, біздің ілгері басуымызға кедергі келтіреді. Міне, сондықтан да мұндай жағ қалықтармен күресу—партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының ең маңызды міндеттерінің бірі болуы тиіс.

Ішпідікпен әуестену, маскүнөмдікке салыну адамды аздырады, оны қоғамның кеселді элементіне айналдырады. Маскүнөмдікпен, бұзақылықпен күресуге, жұмысшылар мен қолхозшылардың жұмыстан бос уақытында мәдениетті тем алуын үлгілі ұйымдастыруға партия ұйымдарының баса көңіл бөлуі қажет.

Облысымызда әлі де болса капитализмнің қалдықтары болып табылатын маскүнөмдікпен, бұзақылықпен күресу нашар. Кейбір партия, кәсіподақ және комсомол

Қазақстан КП обкомі мен облыстық Совет аткомінде Егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру барысының қанағаттанғысыздығы туралы

Облыстық партия комитетінің бюросы мен еңбекшілер депутаттарының облыстық Совет аткомі облыстың көптеген қолхоздары мен совхоздарында егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру қарқынының мүлдем қанағаттанғысыз болып отырғандығын атап көрсетті.

Егіннің пісуі барлық дәнді дақылдарды жыйнауды жаппай өрістетуге мүмкіндік беріп отырғанына қарамастан, Булаев ауданының қолхоздары егін жыйнауы кеш бастап отыр және өткен бескүндікте небары 127 гектар, ал, Қонохов ауданы—193 гектар ғана егін жыйнады. Совет және Соколов аудандарында да жағдай осындай.

Аталған аудандық партия комитеттерінің секретарьлары мен аудандық Совет аткомдерінің председателдері Курлов және Қизатов, Макаров және Филиппенко, Бәшіров және Живулина, Брикунов және Звягин жолдастар партиялық және мемлекеттік талапты күшейтудің орнына қолхоздардың кейбір басшыларының егін әлі жас деген қате және зиянды пікірлерін қолдап жүр. Олар егін жыйнауы ойдағыдай ұйымдастырмаған. Мұның өзі егін жыйнау мерзімін ұзаққа созуға және астық ысырабына жол беруге келіп соғуы мүмкін.

Петропавл, Совет және Ленин аудандарының бірқатар қолхоздарында егін жыйнауға қажетті қарқын тұрғызылмаған, егін жыйнауын алғашқы күндерінде-ақ комбайн агрегаттары техникалық жағынан қанағаттанғысыз қамтудың, комбайндардан астықты кезінде түсіріп алмаудың, жанар майды, суды жеткізуде үзіліске жол берудің және ұйымдастыру ісіндегі кемшіліктердің салдарынан туып қалып жүр. Петропавл ауданы, Фурманов атындағы қолхоздың председателі Мұсабаев жолдас астық түсіріп алуға қажетті ыдыс дайындамаған, автомашинаны күтіп, егін жыйнауы бөгеген, егін жыйнау басталған кезде қолхозда бірде-бір астық тазалайтын машина болмаған, қырманда әзірленбеген.

Көптеген қолхоздар мен совхоздарда қырманда астық тазалау қанағаттанғысыз ұйымдастырылған, мұның өзі мемлекетке астық тапсыруды елеулі түрде бөгеді. Тексерісте Ленин, Мамлют, Октябрь, Прирешім және басқа бірқатар ау-

лық Совет аткомі Петропавл қалалық партия комитетінің, қалалық Совет аткомінің, кәсіпорындарының, транспорттың және басқа ұйымдардың көптеген директорлары мен партия ұйымдары секретарьларының қолхоздарға, МТС-терге, совхоздарға егін жыйнау жөнінде қанағаттанғысыз көмектесіп отырғанын, қала еңбекшілерін егін жыйнау жұмыстарына жіберуді қамтамасыз етпегенін, қолхоздарда жабық қырманда мен астық қоймаларын салу жөніндегі тапсырманы мейлінше нашар орындап отырғанын, вейалқалар жасауды, сол сыяқты, автомобиль транспортын астық тасу ісіне қатыстыруды кешеуілдетіп отырғанын атап көрсетті.

Облыстық партия комитеті мен облыстық Совет аткомі бірқатар қолхоздарда комбайншыларды, тракторшыларды, қолхозшыларды және қолхозшыларға көмекке келген қала еңбекшілерін көпшілік талмақтандырудың мейлінше нашар ұйымдастырылғандығын атап көрсетті: көптеген қолхоздардың председателдері мен басқармалары көпшілікті тамақтандыру үшін қажетті мөлшерде ет, май, сүт, овоць, картоп және басқа азық-түлік бөлмеген. Барлық жерде бірдей үш рет тамақтандыру ұйымдастырылмаған. Аудандық партия комитеттерінің секретарьлары мен аудандық Совет аткомдерінің председателдері мұндай жағдайды көретура қоғамдық тамақты ұйымдастыруға жауапсыз қараған адамдарды қатаң жауапқа тартпай отыр.

Егін жыйнау қарқынының төмен болуымен қатар, Ленин, Булаев, Петропавл аудандарының қолхоздары шөп шабу және мал азығын сүрлеу, сол сыяқты, зияб жұрту барысын бәсеңдетіп алды, ал, Қонохов, Булаев, Ленин, Полудень және Совет аудандары күздік егуге мүлдем кіріскен де жоқ.

Облыстық партия комитетінің бюросы және еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің атқару комитеті егін жыйнауы кешеуілдету, мемлекетке астық тапсыру жөніндегі бескүндік тапсырмалардың және басқа ауылшаруашылық жұмыстарының орындалмауы бұл жұмыстарға аудандық партия комитеттері мен аудандық Совет аткомдерінің сылбыр және қанағаттанғысыз басшылық жасауы-

лары, қолхоз басқармалары барлық комбайн агрегаттарының үздіксіз жұмыс істеуін ұйымдастыруға, оларға қажетті ұйымдық-техникалық қамтуды қамтамасыз етуге, комбайндардан қырманда астық тасу үшін жеткілікті мөлшерде көлік бөлуге, жекелеген қолхоз председателдерінің комбайндардан астықты тек автомашиналармен ғана тасуға әрекеттенуін айыптауға міндеттеді.

Аудандық партия комитеттері, аудандық Совет аткомдері, МТС-тер мен совхоздардың директорлары, қолхоз председателдері егін жыйнауға қатысып жүрген қолхозшылар мен совхоз және МТС жұмысшыларының еңбегін дұрыс ұйымдастыруға, адам мен техниканы дұрыс орналастыруға, әрбір комбайншының, тракторшының, қолхозшы мен совхоз жұмысшысының еменалық және тәуліктік нормаларын орындауын қамтамасыз етуге міндеттелді. Трактор және егіс бригадаларында қолхоздардың, совхоздар мен МТС-тердің барлық күші мен құралдарын егін жыйнау мен астық тапсыруды тағайындалған мерзімде аяқтауға жұмылдыруды қамтамасыз ететін бұқаралық-саяси жұмыс және социалистік жарыс кеңінен өрістетілуге тиіс.

Петропавл қалалық комитеті мен қалалық Совет аткомі қолхоздар мен совхоздарға өнеркәсіп орындары, транспорт және басқа ұйымдар мен мекемелер тарапынан жан-жақты көмек көрсетілуін қамтамасыз етуге, қала еңбекшілерінен егін жыйнауға мейлінше көп адам жіберуге, таяудағы күндерде жабық қырманда, астық қоймаларын, вейалқалар жасауды аяқтауға, сол сыяқты, автомобиль транспортын астық тасуға қатыстыруды қамтамасыз етуге міндеттелді.

Аудандық партия комитеттері, аудандық Совет аткомдері, МТС-тер мен совхоздардың директорлары, қолхоздардың председателдері мен басқармалары бригадаларда үш мезгіл тамақтануды ұйымдастыруға, бұл үшін қажетті мөлшерде май, ет, овоць, картоп бөлуге міндетті. Аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтары жөніндегі секретарьларына егіс және трактор бригадаларында қоғамдық тамақтандырудың ұйымдастырылуына қатаң бақылау жасау және қажет болған жағдайда, қоғамдық тамақтандырудың

Қазақ ССР-і тың және тыңайған жерлерді көтеру жоспарын орындады

АЛМАТЫ, 11 август. (СОТА). Қазақ ССР-і 1954—1955 жылдардың егісі үшін тың және тыңайған жерлерді көтеру жоспарын орындады.

Республиканың қолхоздары мен совхоздары бүкіл Совет Одағы үшін жоспарланылған 13 миллион гектардан 6.300 мың гектар тың және тыңайған жерлерді жыртуға тиіс еді. Қазақстанның қолхозшылары, МТС және совхоз жұмысшылары 10 августқа дейін 6.522.340 гектар тың және тыңайған жерлерді көтерді, бұл мемлекеттік жоспардың 103,7 проценті.

Көктемде біржарым миллион гектарға жуық—тапсырмадағыдан екі есе артық жырылған жаңа жерлерге бидай және тары егілді. Сөйтіп, республика совхоздары мен қолхоздарында егіні жыйналатын алаң 1953 жылғыдан 20 процент арты.

1955 жылдың егісі үшін дайындалған екі миллион гектардан астам жерге республика қолхоздары мен совхоздары егіс алаңына қар тоқтатудың және егін өнімін арттырудың маңызды құралы—ықтырма өкті.

Қорған жаңашылы Т. С. Мальцев ұсынған жер еңдеу системасы жаңа жерлерді игеретін аудандардың алдына үлкен перспектива ашады. Кәзір Қазақстанның табиғаты әртүрлі аймақтарында Мальцев жолдастың тәжірибесін қолданудың нақты жолдары мен көлемі зерттелуде.

Күздік егіс егу

СМОЛЕНСК. Ершичк ауданының қолхоздары күздік егуді аяқтап келеді. Август айы ішінде ерте егілген участоктерде егін әдеттегіден бітік болып өсті.

Бұл тәжірибені еске ала отырып, ауданның көптеген қолхоздары жаппай күздік егіс еге бастады. Көптеген ауылшаруашылық артельдері пар жыртылған жерлерге тыңайтқыш заттар төкті. Өткен жылдарға қарағанда егіс аяқталым кең көлемге тар қатарлап және тоғыспалы әдіспен себілуде.

Күздік егіс егу ауданның барлық қолхоздарында дерлік басталды.

ТАМБОВ. Облыстық Покрово-Мал-

мен моральдик саркыншақтары әл де бар. Бұл саркыншақтар өзінен-өзі құрымайды, олардың жаны өте сірі, олар әсе алады, сондықтан оларға қарсы батыл күрес жүргізу керек».

Адам санасындағы капитализмнің ескі қалдықтарының бірі—дін. Ол адамдардың ой-санасының өсуіне, өз елінде өз Отанының игілігі жолында еңбек етіп жатқан совет адамының коммунистік құрылысқа белсене қатысуына кедергі жасайды. Дін адамның өзіне, өзі жұмыс істейтін коллективке сенімін жояды. Дін дегеніміз өмір бойы басқа біреулерге жұмыс істеумен, мұқтаждықпен, жолсыздықпен жан-шылған халық бұқарасын барлық жерде бірдей басқан рухани езгінің бір түрі.

Марксизм-ленинизм ғылыми адамдардың санасындағы капитализм қалдықтарын толық жоймайынша, олардың сана-сезімін жоғары дәрежеге көтермейінше коммунизм орнатуға болмайды деп үйретеді. Міне, сондықтан да партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары ұлы Лениннің:

«Социалистік пролетариат партиясы үшін дін өркiмнің жеке басының ісі емес. Біздің партия—жұмысшы табын азат ету жолында күресетін саналы, алдыңғы қатарлы күресушілердің одағы. Мұндай одақ санасыздыққа, қараңғылыққа немесе діни нанымдар сыяқты қара-түнек надандыққа немқұрайды қарай алмайды және олай қарауға тиіс те емес»,—деген сөзін естен шығармай, халықтың ең аулым жауы—дінмен үнемі бітпес күрес жүргізулері керек. Ол үшін ең алдымен бұқара арасында ғылыми

ұйымдары мұндай жат қылықтармен күресудің орнына, оны бұратана мәселе деп қарап, оған тіпті көңіл бөлмейді. Әресе, Преснов, Октябрь аудандарының партия ұйымдары мұндай жат қылықтармен тізгіні дәрежеде күрес жүргізбей отыр. Ішiмдікпен әуестену, маскүнемдікке салыну аталған аудандардың селолық интеллигенциясының арасында, әресе, мұғалімдердің арасында етек алған. Ал, мектеп партия ұйымдары осындай төзгісіз жағдайға қарсы ешқандай күрес жүргізбей, одан тыс қалған.

Маскүнемдік, бұзақылық сыяқты жат қылықтар бұқаралық-саяси жұмыс төмен дәрежеде жүргізілген жерде өріс алады. Пікірімізді дәлелдеу үшін бір мысал келтірейік. Мамлют авторотасының шофері Анатолий Колунай бір кезде алдыңғы қатарлы шоферлардың бірінен саналған. Бірақ, кейін ол ішiмдікке салынып, өзінің машинасын бүлдірді. Жұмысқа кешігіп шықты. Ал, авторотаның партия ұйымы Анатолий Колунайдың жат мінезіне дерезінде көңіл бөлмеді. Ақыры ол жұмыстан шығарылды.

Адамның сана-сезіміндегі капитализмнің қалдықтарымен бітпес күрес жүргізіп, оларға қарсы ғылыми-атеистік насихатты кеңінен өрістету—партия ұйымдарының аса маңызды міндеті. Партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары еңбекшілерді марксизм-ленинизм рухында тәрбиелеп, жат қылықтарға жол бермеу арқылы оларды Коммунистік партия мен Совет Үкметі алға қойған міндеттерді аброймен орындау күресіне жұмылдырып отыруға тиіс.

Ағылшын лейбористік партиясының Клемент Эттли мырза бастаған делегациясының Москвада болуына байланысты

ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. МАЛЕНКОВТЫҢ қонақасы беруі

10 августа ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков Кыргыз Республикасына бара жатқан ағылшын лейбористік партиясының К. В. Эттли мырза бастаған делегациясының Москвада болуына байланысты қонақасы берді.

Қонақасына делегацияның мүшелері: Э. Бивен мырза, Э. Саммерскилл ханым, У. Бэрк мырза, М. Филлипс мырза, С. Уотсон мырза, Г. Эрншоу мырза және Г. Франклин мырза қатысты.

Сол сыяқты, қонақасына Великобританияның ССРО-дағы Төтенше және Полномочіелі Елшісі Уильям Хэйтер мырза қатысты.

Совет жағынан қонақасына А. И. Микоян, В. М. Молотов, Н. С. Хрущев, Н. М. Шверник, А. Я. Вышинский, Москва Советінің председателі М. А. Яснов, Н. В. Попова және ителдермен мәдени байланыс жасау жөніндегі Бүкілодақтық қоғам басқармасының мүшесі Л. Д. Кислова жолдастар қатысты.

Қонақасы достық жағдайда өтті.

(СОТА).

С. Дәуленов жолдасты Қазақ ССР Су шаруашылығы министрі етін тағайындау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Сәлкен Дәуленов жолдас Қазақ ССР Су шаруашылығы министрі болып тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. ОҢДАСЫНОВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Э. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы,
10 август, 1954 жыл.

ландардың қолхоздарында қырмандағы жұмыс бір еменде ғана ұйымдастырылғандығы, астық тазалайтын машиналардың үзіліспен және өнімсіз жұмыс істейтіндігі, қырманда астық тиеу жұмысының мейлінше нашар ұйымдастырылғандығы анықталды. Бірқатар қолхоздарда тәжірибесі жоқ қолхозшылар, астықты тазалау және кептіру жөніндегі жұмысты тыңғылықты ұйымдастыруға қабілетсіз адамдар қырман меңгерушілері болып істейді.

Аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтарындағы секретарлары, МТС директорлары, қолхоз председателдері қырмандағы жұмысты дұрыс ұйымдастыру астық тазалауды, мемлекетке тапсыруды және бүкіл астықты сақтауды қамтамасыз ететіндігін ескермейді, қырмандағы жұмысты тыңғылықты ұйымдастыруға қажетті шараларды қолданбайды. Осы күнге дейін жабық қырмандағы, астық тазалайтын машиналардың, таразы шаруашылығының әзірленуін қамтамасыз етпеген.

Облыстық партия комитеті мен облыс-

Үшастырылған жұмыс

Быйыл біздің қолхозда 5 мың гектардан астам дөңді дақылдар жыйналады. Қолхозшылар егін жыйнауға барлық жағынан үлгілі әзірленіп, оны ұйымшылдықпен бастады. Қолхозда кәзіргі уақытта Булаев МТС-нің 3 комбайны үздіксіз жұмыс істеп жүр.

Қолхозшылар астық бастыруға, оны тазалап, кептіруге және дайындау пункттерге жөнелтуге үлгілі әзірленгенді. Мұның өзі егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын бір-бірімен үшастыра жүргізуге қолайлы жағдай жасады. Жұмыстың алғашқы күндерінде қолхозда 234 гектар бидайық және 157 гектар сұлы жыйналды. Бұл істе әресе, комбайншы М. Хоменко жолдас ерекше көзге түсті. Ол «Сталинец-6» комбайнымен 12 гектар орнына, 25-27 гектардан егін отуда.

Бастырылған астық қырманда дереу тазартылып кептірілуде. Кәзіргі уақытта астық тазалауда 3 сортровка жұмыс істейді. Қолхозшылар А. Васковойанск, М. Меценко, А. Слепко, П. Башкирова жолдастар астық тазалауда қажырлы еңбек етуде. Олар сменалық жұмыс тапсырмаларын 120-125 проценттен орындап жүр.

Дайындалған астықты дереу қабылдау пунктіне жөнелтудеміз. Бізде 3 жүк автомашинасы үздіксіз астық тасып жүр. Шоферлар Убанов және Назаров жолдастар 50 километр қашықтықтағы пунктке күніне 2 рет астық жеткізеді.

Біздің қолхоздың қолхозшылары егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарының қарқынын күннен-күнге күшейте түседі. Олар бірде-бір дөңнің ысырап болуына жол бермейді. Сөйтіп, мемлекет адындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығалы және мемлекеттік сатып алу орнына дарына жүздеген центнер астық сатады.

В. ЦАПЛИН,

Булаев ауданындағы «Новый путь» колхозының председателі.

ның, олардың тарапынан қолхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың басшыларына қажетті талап қойылмауының, әрбір қолхоздағы, МТС пен совхоздағы қолда бар орасан зор мүмкіншіліктердің егін жыйнауды кезінде және ысырапсыз өткізу, астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін пайдаланбаудың салдары деп есептейді.

Қазақстан КП облыстық комитетінің бюросы мен еңбекшілер депутаттарының облыстық Совет атқомі аудандық партия комитеттерін, аудандық Совет атқомдерін, МТС-тер мен совхоздардың директорларын егін жыйнау мен астық дайындаудағы елеулі кемшіліктерді дереу жоюға, әрбір қолхоз бен совхоздың 20 күн ішінде егін жыйнауды өткізуді және астық дайындау мен мемлекетке астық сату жоспарының мерзімінен бұрын орындалуын қамтамасыз ететін бірқатар қосымша шараларды жүзеге асыруға міндеттеді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, совхоздар тресі, аудандық партия комитеттері мен аудандық Совет атқомдері, МТС-тер мен совхоздардың директор-

Егінді жыйнау қарқынын күшейтудемін

Өткен жылы мен МТС қамтуындағы «Путь к социализму» колхозында егін жыйнадым. Өзіме бекітіліп берілген өздігінен жүретін комбайнның қуатын жұмысқа тиімді пайдалана отырып, маусымдық тапсырманы артығымен орындап шықтым.

Быйыл қолхоздарда егін көлемінің ұлғая түсуі және егінді неғұрлым қысқа мерзімде жыйнап алу міндеті біздерден, комбайншылардан жұмыс қарқынын еселеп арттыруды талап етеді. Осыған байланысты және күнделік тапсырманы артық орындау, астықты көптеп бастыру жолындағы социалистік жарыстың жарышы болған Ставрополь өлкесі, Петров МТС-нің комбайншыларының бастамасына жауап ретінде мен быйылғы маусымда өзімнен жүретін комбайнмен 700 гектар егін жыйнауға, 8 мың центнер астық бастыруға міндеттендім.

Бұл міндетті сөзсіз орындап шығу үшін комбайнның тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етумен бірге, жұмыс уақытын неғұрлым тиімді пайдалану керек.

Жылдық тапсырманы асыра орындады

БУЛАЕВО. Партияның шақыруымен Кубаньнан келген бір топ комсомолец-жастар облысымыздағы Калинин МТС-нің қамтуындағы «Победа» колхозында жұмыс істеп жүр. Бригаданы тәжірибелі механизатор—комсомолец Михаил Бутенко жолдас басқарады.

Бұл бригада көктем шығысымен тың жер көтеруде болды. Механизаторлар өзара бір-біріне көмектесудің нәтижесінде, жұмыстың алғашқы күнінен-ақ жақсы табыстарға жетті. Жастардың еменалық тапсырманы асыра орындауы әдетке айналды. Олар машинаның техникалық күтімін жақсартып, қуатын сарқа пайдаланып отырды. Осының нәтижесінде тракторлардың жылдық жоспарын 1 августа

шар ұйымдастырған анықты адамдарға жауапқа тарту жөнінде аудандық партия комитетіне ұсыныс енгізу тапсырылды.

Аудандық партия комитеттерінің секретарларына, аудандық Совет атқомдерінің председателдеріне егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жоспарының орындалуымен қатар, шөп шабу, мал азығын сүрлеу жоспарын орындауға және күздік дақылдар егуді аяқтауға олардың өздері тікелей жауап беретіндігі ескерілді.

Облыстық партия комитеті мен облыстық Совет атқомі барлық коммунистерді, комсомолецтерді, барлық қолхозшыларды, совхоз жұмысшыларын, комбайншыларды, тракторшыларды және басқа механизаторларды, шоферларды, дайындау ұйымдарының қызметкерлерін егін жыйнау мен астық дайындауға белсене қатысуға, сөйтіп, партия мен үкметіміздің астық өндірісін шұғыл арттыру және елімізде азық-түлік молшылығын жасау жөнінде қойған міндеттерін нешуге өздерінің лайықты үлесін қосуға шақырады.

Біз егін орағы басталғанға дейін бұл іске мұқият әзірлендік. Комбайн саналы жөндеді. Егін жыйнауы толық әзірлігінен бастауымыз алғашқы күннен бастап, жұмысты еселеген қарқынмен істеуімізге мүмкіндік беруде. Алғашқы күні 29 гектар егін жыйнадым. Рас, бұл күні жұмыс уақытын толық пайдалануда кейбір кемшіліктер болды. Желесі күні ол кемшіліктерді жою отырып, 32 гектар егін жыйнап, 400 центнерге жуық астық бастырдым.

Маусым бойы комбайнның тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін комбайнға техникалық күтімді уақытылы жүргізіп отырамыз. Тавертең жұмысқа кірісер алдында комбайнға бір сағат техникалық күтім жасалынады. Бұл іске барлық агрегат мүшелері қатыстырылады. Жұмыс қарқынын бәсеңдетпей, егін жыйнауға және астық бастыруға жоғары көрсеткішке ие боламын. Сөйтіп, алған міндеттемемді толық орындап шығамын.

Е. ШЕПЕЛОВА,

Образцовой МТС-нің комбайншысы.

аудандары қара бидан сеуге кірсең. Соңғы екі жылдың тәжірибесі егісті айқұш-ұйқыштан ешкенде дөңнің бас тартпай көп жатып қалмайтындығын, гектарына 2-3 центнер өнімді артық беретіндігін көрсетті. Сондықтан, қолхоздар барлық күздік бидайды және күздік қара бидайдың 30 процентін айқұш-ұйқыш әдісімен себуді ұйғарды.

Облыс қолхоздарында күздік танаптар 30 мың гектарға дейін кеңейтіледі. Өткен жылғымен салыстырғанда бидай егісіне арналған ықтырмалы пардың алаңы едәуір артты. (СОТА).

Жібек маталар өндіру арттырылуда

КАЛИНИН, 10 август. (СОТА). Калинин жібек тоқыма фабрикасының коллективі өнім шығаруды арттыруда. Апрельде, тоқыма цехын жұмысқа қосқан айдың өзінде 20 мың метр жібек, июль айында бес есе артық жібек мата өндірілді. Екінші дайындау цехы жұмыс істей бастады. Енді кәсіпорны дайын негізгі заттармен өзін-өзі қамтамасыз етеді.

Маталардың түр-түрі де көбейтілуде. Маталардың бір түрі орнына кәзір еркектердің сырт көйлегі үшін жібек полотно, шотландка, крен-южный, астарлық саржа өндіріледі.

Кәзір фабрикада тағы да бір жіп шығаратын цехты жабықтау жүргізілуде. Бұл цехты жұмысқа қосқаннан кейін кәсіпорны крен-жоржет, креденин және басқа маталарды өндіре алатын болады. Жыл аяғына дейін Калинин жібек тоқыма фабрикасы өнім шығаруды 3 есе арттырады.

ҚЫРГЫЗ МҰНАЙШЫЛАРЫНЫҢ ТАБЫСЫ

ЧАНГЫРТАШ, (Жалалабад облысы), 10 август. (СОТА). «Чангырташ» мұнай промыселының коллективі ірі табысқа ие болды. Кеше сұйық отын өндірудің 8 айлық жоспары орындалды. Өткен жылдың аяқ неімен салыстырғанда әрбір тонна өнімнің өзіндік құны 6 проценттен астам кеміді. Еңбек өнімділігі артты, экипажшалардың техникалық режимі жақсартылды.

Мұнайшылар жылдық жоспарды бірінші декабрьге орындауға ұйғарды.


ТЫҢНЫҢ ӘРБІР ГЕКТАРЫНАН 100 ПҮТ ӨНІМ

УГЛОВСКОЕ, (Алтай өлкесі). Угловск ауданында көтерілген 64 мың тың және тыңайған жерлердің 36 мың гектар жерінде бидай пісіп келеді. 3 колхоз арпаны іріктеп отуда. Әрбір гектар тың жерден 100 пұттан өнім алынады.


Оша жақсы деуге болмайтын тың участоктердің өзі әрбір гектардан 100 пұттан астық беруде, дейді аудандық партия комитетінің секретары Зарченко жолдас. Бүгін қолхоздар ауданда негізгі дақыл болып саналатын бітік өскен бидайды орауға кіріседі.

(СОТА).

Ж. ЕСЛӘМОВ.



Петропавлда



Көңілді серуен

Қаладағы мәдениет және демалыс паркі демалыс күні кешке келушілерге лық толды. Бұл күні қала еңбекшілері өздерінің сүйікті паркіне жайшылықтағыдан әлде қайда көп келген. Олардың көпшілігі ашық эстрадада болып, онда артист Н. Иванов жолдастың басқаруындағы Семейдің цыган ансамблі коллективінің берген концертін сүйсіне тыңдады. Концерттің программаларында: юмор-сатира, лирикалық және сықақ өлеңдер, цыган ромачетары, совет композиторларының өлеңдері, акробаттық этюд және басқа номерлер орындалды. Унаған номерлерін тағы да көргісі келіп тілек еткен көрушілердің қолшалапалақтаған даусы жиі естіліп тұрды.

Парктегі жазғы театрда Кемерово облысынан келген артистер Людмила Николаевна Блажкова, М. В. Лучкин және И. С. Левкович жолдастардың қатысуымен комедиялық көш болып өтті. Театр үйіне жыйналғандар бұл кешке қанағаттанғандық сезім білдірді.

Паркке тынығуға келген қала халқының енді біразы жазғы кино-театрда болып кино көрді. Биллиард залы да ойнаушылардан босаған жоқ.

Парк іші кешкі электр шамдарының жарығына, би алаңында билеп жүрген, қызылды-жасылды әсем киінген, көңілді жастардың көңілді күлкісіне, денені шымырлатқандай жанға жайлы музыканың қоңыр сазды үніне бөленіп, түннің ортасына дейін ерекше құлашырып тұрды. Мұнда жүздеген қала еңбекшілері көңілді, мәдениетті дем алды.

Есіл жағасында

Есілдің жағасы қала еңбекшілерінің демалыс күндері дем алатын сүйікті орындарының бірі. Мұнда өзенге шомылып, жағаданы бастық құмның үстінде денелерін күннің көзіне күйдіріп жатқан адамдарды жексенбі күндері көптеп көруге болады. Толқынсыз ағып жатқан мөлдір өзеннің ортасында жүзіп жүрген қайықтардан көңілді жас жігіттер мен қыздардың шырқаған әндері естіледі. Еліміздің түрлі жеріне оқу орындарынан демалысқа келген студент жолдастарымен осы арада кездесіп, жыл бойындағы оқудағы, еңбектегі табыстары мен көрген жаңалықтарын ортаға салып жүрген қала жастарын да көп кездестіруге болады. Мұнда қаладағы өнеркәсіп орындарының озаттары да жиі келіп дем алады. Өзен жағасында семьясымен келген шағын двигателдер заводның слесарі, еңбек озаты Н. Зуев пен шойын құю-таразы заводның слесарі Кунко жолдастар өздерінің жұмыста еңбек өнімділігін арттыру жолындағы табыстарын дуанышпен әңгіме етіп отыр.



★
Алена өзінің досымен.
★
Фотоэтиодті жасаған А. Розенштейн.

Балалар паркінде

Парктің қақпасынан кіре бергеніңізге ең алдымен орталық аллеяның кіре берісіне орнатылған пионер мен пионерканың скульптуралары көзге түсе кетеді. Орталық аллеяны жағалай өз Оғанын неміс фашистерінен қорғауда ерлікпен қаза тапқан жас гвардияшы батырлардың портреттері қойылған.

Орталық алаңның орта кезін шатырына әртүрлі аңдар мен құстардың суреттері салынып, безелген әдемі карусель алып тұр. Баян даусының ырғағына ұн қоса зыр көбелек айналып тұрған карусельдің пар-пар ағаш аттарына мінген шат көңілді бөбектер.

Карусель алаңын айнала қойылған ұлы жазушыларымыздың балаларға арналып жазылған ертегілерінен алынып салынған жас батырлардың, тамаша талқын-тардың, алтын балық ұстаған балықшы шалдың, айлакер түлкінің, аңқау аюдң тағы басқа сондайлардың іс әрекеттерін

көрсететін суреттер өздерінің түрлі бояуларымен және шыныдыққа жанасымдылығымен көз тартады.

Бұл қаладағы балалар паркі. Мұнда жас бөбектер күні бойы болып, көңілді дем алды. Оларға арналып, көптеген ойындар ұйымдастырылды. Парк ішіндегі киоскалар жұмыс істеп, онда балаларға арналып түрлі сусындар, мороженолар сатылды.

Балалардың көпшілігі парктегі оқу залында болып, онда өздеріне ұнайтын кітаптарын алып оқыды, журналдарды ақтарып көрді. Залдың ішкі қабырғасына қағылған «Мына кітаптарды жаз айларында оқы» деген үякен жазудың астында бірінші кластан жетінші класқа дейінгі оқушы балалардың жазғы демалыс кезінде оқып шығуға тиісті авторлар шығармаларының тізімі ілінген. Көптеген оқушылар осы тізім бойынша үйлеріне кітаптар алып кетті.

„Жалпы бейбітшілік мүдделері үшін“

Совет Үкметінің мәлімдемесі туралы қытай баспасөзінің пікірі

ПЕКИН, 10 август. (СОТА). Совет Үкметінің Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы мәселе жөніндегі кеңесті дайындау үшін августта немесе сентябрьде төрт державаның сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыруды ұсынып, Батыс державалардың үкметтеріне жолдаған мәлімдемесіне тоқтала келіп, «Женьминьжибао» газеті бүгін басмақаласында былай деп жазады:

Совет Үкметінің Европада коллективтік хауіпсіздіктің системасын құру туралы ұсынысын бүкіл дүниежүзі мақұлдап және қуаттап отыр. Дүние жүзінің жүртшылық пікірі Совет ұсынысы Европадағы бейбітшілікті нығайтудың ынталы жолын көрсетіп, герман мәселесін неғұрлым тез шешудің қолайлы әдісін ұсынып отыр деп атап көрсетуде.

Төрт державаның сыртқы істер министрлерінің Берлин кеңесі Құрама Штаттардың жасаған кедергілері себепті Германияның бірлігін қалпына келтіру және бітім доғоворын жасасу туралы келісімге жете алмады. Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құруға Герман Демократиялық Республикасы мен Батыс Германияның қатысуы герман мәселесін шешу жолындағы кедергілерді жойып, Германияның бірлігін қалпына келтіруге көмектеседі.

Совет Одағы бейбітшілікті және неміс халқының ұлттық мүдделерін қорғап отырғанда, америка билеуші топтары Германияның бөлшектенуін мәңгіге сақтау және Европада жаңа соғысты бастау

үшін өздері жоспарлаған «Европалық қорғаныс бірлестігі» деп аталатынды құрастыру жөніндегі жанталасқан әрекеттерін өрістетуде.

Бейбітшіл халықтар АҚШ билеуші топтарының Совет ұсынысының маңызын кемсітуге тырысуына төзе алмайды. Дүние жүзінің халықтары халықаралық келіссөздер жүргізудің пайдалы нәтижелеріне бере алатындығына берік сенеді. Міне, сондықтан да олар барлық европалық халықтардың мүдделеріне, жалпы бейбітшіліктің мүдделеріне сай келетін совет ұсынысын батыл қуаттауда.

«Дагунбао» газеті «ССРО-ның европалық хауіпсіздікті қамтамасыз етуде қосқан жаңа үлесі» деген мақаласында былай деп жазады: Совет Үкметінің мәлімдемесі герман мәселесінің шешілетіндігіне жаңадан үміт туғызады, сондықтан оны барлық бейбітшіл халықтар бірауыздан мақұлдап қарсы алғандығы әбден түсінікті де. Женева кеңесі халықаралық проблемаларды мүдделі жақтардың арасында келіссөздер жүргізу жолымен шешу мүмкін екенін дәлелдеді. Женевадағы кеңес халықаралық басқа проблемаларды, оның ішінде Европа проблемасын шешу үшін қолайлы жағдайлар жасады. Қытай халқы әрқашан бейбітшілікке ұмтылып келді және ұмтылады да. Ол Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру мақсатымен жалпыевропалық кеңесті шақыруға жеткізетін төрт державаның сыртқы істер министрлері кеңесінің тез шақырылатындығына шын ниетпен сенеді.

Мароккадағы жағдай

ПАРИЖ, 11 август. (СОТА). Париж газеттерінің хабарларына қарағанда, Мароккодағы жағдай әлі де шиеленісе түсіп отыр. «Фран-тирер» газеті хабарлап отырғандай жергілікті халық ұлттық партиялардың бұрынғы сұлтан Сиди Мохамед бен Юзефтің орынан түскендігіне бір жыл толуына байланысты жаппай ереуілге шығу жөніндегі шақыруына ұн қосқан көрінеді. Касабланкада, Феседе, Рабатта, Порт-Ллотте, Маракеште және басқа да қалаларда кеше мароккандықтардың барлық магазиндері жабылған. Сол сыяқты, ереуілге мемлекеттік мекемелердің қызметшілері, көптеген өнеркәсіп орындарының еңбекшілері, автобустардың шоферлері және басқалары қатысқан.

Француз әскерлері мен полициясының ірі күштері Порт-Ллотте «тазарту» деп аталатын операция жүргізген. Газеттің айтуына қарағанда, бұл Марокконың бүкіл тарихында жасалған ең үлкен операция жеріндегі. Тексерісте дұшар болған 10 мың арабан 3 мыңы ұсталған. Олардың ішінде 2 мыңдайы әлі күнге дейін полицияның қолында отыр. Қала шыңындағы соғыс жағдайында. Арабтар тұратын кварталдарды шетел легиондарының солдаттары, мобил гвардиялары мен мароккан атқыштары қоршап алған. Қаланың көшелерін солдаттар мен полиция отрядтары күзетіп жүреді. Араб халқының арасында тінту жүргізген кезде қаланың үстінен реактивтік самолеттер ұшып жүрген.

Францияның ұлттық жыйналысында

ПАРИЖ, 10 август. (СОТА). Францияның ұлттық жыйналысының бүгінгі мәжілісінде үкметке сенім көрсету туралы мәселе жөнінде дауыс берілді; бұл мәселе үкметтің басшысы Мендес Франс экономикалық программаны бекіту туралы және оны жүзеге асыру үшін үкметке «ерекше өкілдік» беру туралы талаптарына байланысты қойылған болатын.

Дауыс берердің алдында Мендес Франс жоқ. Бұдан кейін парламенттік топтардың өкілдері сөйледі, олар дауыс беретін себептері жөнінде пікірлерін білдірді. Үкметке сенім білдіруді жақтап 361 дауыс берілді, 90 дауыс қарсы болды. Коммунистердің парламенттегі тобы дауыс бергенде қалып қалды.

Ұлттық жыйналыстың кешкі мәжілісінде екінші рет оқылған конституцияға реформа жасау туралы заң жобасы тал-

АҒЫЛШЫН ЛЕЙБОРИСТІК ПАРТИЯСЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ МОСКВАҒА КЕЛУІ

Қытай Халық Республикасына кетіп бара жатқан лейбористік партияның лидері К. Р. Этлп бастаған ағылшын лейбористік партиясының делегациясы 10 августа Москваға келді. Делегацияның құрамында Этлдің бұрынғы үкметіндегі еңбек министрі Э. Бивен, лейбористік партияның атқару комитетінің вице-председателі Э. Саммеркилл, лейбористік партияның атқару комитетінің председателі У. Бэрк; лейбористік партияның бас секретары М. Филлипс, лейбористік партияның атқару комитетінің мүшесі Е. Уолсон; тоқымашылар кәсіподағының бас секретары Г. Эрншоу; лейбористік партияның атқару комитетінің мүшесі Г. Франклин бар.

Аэродромда делегацияны Москва Советі председателінің орынбасары Н. П. Бобровников, КБСФ Председателінің орынбасары Л. Н. Соловьев және ССРО Сыртқы Істер Министрінің Протокол бөлімінің меңгерушісі Е. Д. Киселев қарсы алды. (СОТА).

ГЕРМАН ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИМПЕРИАЛИСТІК АГЕНТТЕР ТОБЫНЫҢ ІСІ БОЙЫНША СОТ ПРОЦЕСІ

БЕРЛИН, 11 август. (СОТА). Бүгін Берлиннің демократиялық секторының Жоғарғы сотында америка тыңшылығының, батыс ормандық Гелен тыңшылығының және басқа да батыс тыңшылық және террорлық ұйымдардың төрт агентінің ісі бойынша сот процесі басталды.

Сотқа тартылған агенттер Пауль Ридел Рудольф Кларе, Карл Рихтер және Хильдегард Бюттнер Герман Демократиялық Республикасының машина жасау министрлігінде басшы орындарға өтіп кеткен. 1951 жылдан бастап және осы жылдың көктеміне, тұтқынға алынғанға дейін, олар республиканың халық шаруашылығына зиянкестік әрекеттер жасап келген және Герман Демократиялық Республикасы жөнінде империалистік тыңшылыққа шпандық мәліметтер беріп тұрған.

АВСТРИЯНЫҢ КӘСІПОРЫНДАРЫНДА КЕЗДЕЙСОҚ ОҚИЙҒАЛАР САНЫНЫҢ ӨСУІ

ВЕНА, 11* август. (СОТА). Жұмысшыларды қанаудың күшеюі, хауіпсіздік техникасының нашарлығы Австрия өндірісінде кездейсоқ оқийғалардың өсуіне әкеліп соғып отыр.

«Нейе дейн» газеті хабарлап отырғандай 1948 жылы Австрияның заводтары мен фабрикаларында 88 мың кездейсоқ оқийға болған, ал, 1952 жылы мұндай оқийғалардың саны 130 мыңнан асқан. Кәзіргі уақытта Австрияның кәсіпорындарында кездейсоқ оқийға әрбір минут сайын болып тұрады. Австрияның өндірісіндегі кездейсоқ оқийғаның салдарынан мұнда, жұн сайын орта есеппен алғанда 2 адам оңат болып отырады.

ОҢТҮСТІК ШЫҒЫС АЗИЯДАҒЫ АМЕРИКАН ОДАҒЫНА ҚАРСЫ ДЖАКАРТА, 10 август. (СОТА). Индонезияның бүгінгі газеттерінің хабарына қарағанда, сыртқы істер жөніндегі парла-

Күндізгі сағат 12-ден бастап үздіксіз ағылын келіп-кетіп жатқан адамдар тобы қараңғы түскенше саябырланған жоқ.

Колхоз базарындағы сауда

Қаладағы колхоз базарында сауда жұмысы бұл күні ерекше қыза түсті. Базарға келген қала еңбекшілері жақын аудандардың колхоздары әкеліп сатқан жаңа өнімдерді сатып алуда. Овощтардың бағалары өткен жексенбідегіден едәуір арзандаған. Бұл күні Петропавл ауданындағы Тельман атындағы, Пушкин атындағы, «Қазақстанның 30 жылдығы», «Путь социализма» және «Белсенді» колхоздары қала базарларына жүздеген килограмм капуста, қыяр, сарымсақ, сәбіз және басқа өнімдер сатты.

Жаңа оқу жылына дайынбыз

Мектептерде оқу-тәрбие жұмысының табысты болуы ең алдымен жаңа оқу жылына ойдағыдай әзірленуге байланысты. Сондықтан да біздің мектептің оқытушылар коллективі жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын ерте бастап қолға алып, оны тырнақтылықпен жүргізудің нәтижесінде айтарлықтай табыстарға ие болды. Көзірі уақытта мектеп жаңа оқу жылына дайындық жұмысын толық аяқтады.

Біз жаңа оқу жылына дайындық жұмысын оқу жылы аяқталысымен-ақ қолға алған болатынбыз. Мәселен, бізде мектеп жасындағы балалардың тізімін алу жұмысы өткен оқу жылының соңғы тоқсанында, яғни 15 майдан бастап жүргізілді. Бұл есеп алу жұмырда тағы да екінші рет қайталанды. Бұл үшін ауылдық Советтің тіркеу кітабындағы оқу жасындағы балалардың тізімі, туған жылы, аты жөні жазылып алынды. Сол арқылы бұл тізім әрбір оқушының туған туысқандарымен жолығу арқылы анықталды.

Быйғы оқу жылында біздің мектепте жүзге тарта балалар оқиды. Олар үшін мектептің оқытушылар коллективі жазғы каникул кезінде бірнеше рет әңгімелер өткізді.

Мектеп үйі быйғы оқу жылы күрделі жөндеуден өтуге тиіс болатын. Сондықтан да біз мектеп үйін жөндеу жұмыстарын ерте бастап қолға алып, оны август айына дейін аяқтау міндетін алға қойдық. Бұл міндеттеміз ойдағыдай орындалды. Қазір мектепті күрделі жөндеу жұмысы толық аяқталды. Мектептің класс мебелдерін жаңа оқу жылына дайындау жұмыстары да ойдағыдай жүргізілді. Жөндеуге тиісті 43 парт, 16 орындық пен 5 стол көзір дайын.

Біздің мектептің жанында интернат үйі бар. Оны жаңа жылға толық дайындау ісі де қызу жүргізілді. Интернат үйін жөндеу, онда тәрбиеленушілер үшін материалдық жағдай жасау жұмыстарын біз ерте бастап қолға алдық. Көзір интер-

Ипподромда

Күн ыстығымен жерді аптап, шаңытып тұр. Бірақ, ипподромға қала еңбекшілері мен жақын колхоздардан келген колхозшылар күннің ыстығын елең қылтатын емес. Бәрінің де көзі ипподром алаңында жарысып жүрген жүйрік аттарда.

Ипподром алаңындағы желгіштер үш партияға бөлініп жарысты. Әресе, аяқтары алшақ тастап, еркін, әсем желіспен алда келе жатқан бұрыл мен мақпал қара ат жұрттың назарын өздеріне аударып алды. Бұл жарыста Игорь совхозының «Роза» дейтін жүйрік аты 2350 метр қашықтықтан екі минут 37 секундта келіп, бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орын колхоз кадрларын даярлайтын мектептің «Морьяк» дейтін жүйрік атына берілді.

Футбол жарысы қызықты өтті

Бешке қарай халық қаладағы ерікті спорт қоғамдарының стадиондарына лектегімен ағыла бастады. Олар қала бойынша бірінші орынға ие болу үшін өткізілетін футбол жарысын көруге асығулы.

«Динамо» стадионында болған «Динамо»—«Пищевик» және «Энергия» стадионында болған спорт қоғамдарының бірінші футбол командаларының кездесулерін қала еңбекшілері қызыға көрді. Кездесудің қорытындысында «Энергия» командасының футболшылары 3:1 есебімен жеңді. «Динамо» стадионында алаң иелері «Пищевик» командасынан жеңіліп қалды. Ойын 3:1 есебімен аяқталды.

Қысқаша сөз сөйлесіп, ұшатын қолымен сыпаттауға ешқандай жаңалық қосқан қылғанады.

Батыс Германия жұмысшылары табандылықпен ереуіл жасауда

БЕРЛИН, 10 август. (СОТА). Батыс Германияның бүгінгі барлық газеттері Батыс Германиядағы ереуіл қозғалысына баса көңіл бөледі. Газеттердің бірінші беттері Бавария металшыларының және Гамбургтің қоғамдық мекемелерінің, транспорты мен байланыс орындары жұмысшыларының ереуілі туралы хабарларға толы.

Газеттердің Батыс Германия еңбекшілерінің жалақыны арттыру жолындағы күресі туралы хабарларының заголовкалары «Ереуіл толқыны Баварияны қамтыды», «Гамбургтегі ереуіл онан әрі созылуда» деп қойылған.

Баварияның ереуіл жасаушы металшыларының полициямен соқтығысуы

БЕРЛИН, 11 август. (СОТА). Бавария металшыларының ереуілінің үшінші күні полициямен соқтығысу басталды. Ереуілге ұшыраған заводтардың әкімшілік орындары полицияны көмекке шақыра отырып, тағы да завод цехтарына штрейхбрехерлерді өткізуге тырысты. Баспасөздің хабарына қарағанда, бұл әрекет үшін «Бар-

„Шуман жоспарының“ салдары

Бельгияның көмір өнеркәсібінің жайы

БРЮССЕЛЬ, 11 август. (СОТА). Бельгияның көмір өнеркәсібі ауыр дағдарыста отыр. Баспасөзде жарияланған ресми мәліметтерге қарағанда, Бельгия шахталарында төрт миллион тоннадан аса көмір, құмсайтын жер болмағандықтан, үйіліп жатыр.

Шахтерлер арасында жұмыссыздық өсуде. Бірқатар шахталар «көмір мен болаттың еуропалық бірлестігі» деп аталағын («Шуман жоспары» дейтін бойынша құрылған) жоғарғы орын оларды «тиімсіз» деп тапқанынан кейін, жабылып қалу қаупінде отыр.

АҚШ-тың Сирияның ішкі істеріне қол сұғуы

БАИР, 11 август. (СОТА). Сирияның газеттері АҚШ-тың Сирияның ішкі істеріне тікелей қол сұғушылық фактілері туралы хабарлайды. Баспасөздің айтуына қарағанда, осы жылғы июльдің соңғы шенінде АҚШ-тың Сириядағы елшісі Сирияның сыртқы істер министрлігінде болған және АҚШ үкметі атынан Сирия үкметінің Қытай Халық Республикасына Дамаскідегі халықаралық жәрменкеге қатысуға мүмкіншілік беру жөніндегі қарарын бұзуын талап еткен көрінеді.

Сирия газеттері Американың басқа елдердің істеріне қол сұғу саясатына соққы

Газеттер Бавария металшыларының 236 мың адам қатысып отырған ереуілі соңғы 20 жылдың ішіндегі ең ірі ереуіл болып табылады деп атап көрсетеді.

Гамбургтегі ереуіл көлемінің үлкейіп түскенін атап көрсетіп, «Телеграф» газеті былай жазады: Батыс Германияның көптеген қалаларынан коммуналдық мекемелер, транспорт және байланыс қызметкерлері кәсіподағының басшылық орнының атына осы кәсіподақтың жұмысшылары мен қызметшілерінен Гамбургтің ереуіл жасаушы еңбекшілерінен тілектестік ереуілін бастау жөнінде талаптар түсіп жатыр.

лық полициялық машиналар жіберілген көрінеді. Полициямен соқтығысу жұмысшылар шикетті күшейткен заводтардың маңында болды. Пикетшілер қол ұстаса отырып, завод қақпасының алдында бірнеше орам құрды. Полициялер резинка шокпарларды пайдаланды, бірақ жұмысшылардың пикет орамдарын үзін кете алған жоқ.

Солдай бола тұрса да, баспасөз хабарына қарағанда, Құрама Штаттар өз көмірін Бельгияға жөнелтуді қайталауға тырысатын көрінеді. Бельгия агенттігі, желесі аштада американың көмірін сату мәселесі туралы Бельгия мен АҚШ арасында келіссөз басталады, деп хабарлайды.

«Драпо руж» газеті бұл хабардың мазмұнын бере отырып, былай деп сұрақ қояды: «Бельгия шахталарында мол көмір қоры жатқандығына қарамастан, Бельгияға америка көмір жөнелте бермек пе?

берген. Мәселен, «Ас-Сарха» газеті былай деп жазды: «Коммунистік Қытайдың бізге, арабтарға көзқарасы Америкадан сөзсіз тәуір екендігін, өйткені ол оккупацияға, империализмге және халықтарды кемсітушілікке қарсы күрес жүргізіп жатқандығын Америка біліп қойсын. Біз сондықтан да оның Дамаскідегі халықаралық жәрменкеге қатысуына келісім бергенбіз. Сирия үкметі Қытаймен жуық арада дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға тиіс».

Осы сияқты Дамаскідегі «Аль-Ходара» газеті де осындай пікір айтты.

менттік комиссияның председатели Рондону өзіннің мәлімдемесінде Құрама Штаттар Оңтүстік Шығыс Азияда жоспарлап отырған одаққа Индонезия қатыспайды деп атап көрсетеді. Жұрттың бәрі мынаны білетін болсын: «Біз жалған коммунистік агрессияға қарсы күреске қатыспаймыз. Индонезия тәуелсіздік саясатын табандылықпен жүргізетін болады».

Парламент мүшелерінің көпшілігінің пікіріндегі Рондону Голландияның Батыс Иримді осы одақтың қарамағына бергісі келіп отырғанын ызаланғандықпен айттып, «Индонезия Голландияның позициясына еңсарлықпен қарап отырмайды» деп атап көрсетеді.

Рондону Индонезияны, оның отаршылдық тәртіпті толығынан жою жолындағы күресінде Азия халықтары едәуір қуаттанды деп көрсетеді.

Редактор **Г. МУХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КӨҢЛДІ ЖҮЛДЫЗДАР»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАВРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«КӨҢЛДІ ЖҮЛДЫЗДАР»

Сағат 6, 8, 10-да басталады.

Хат тасушылар, қалалық телефон станциясы үшін жөндеуші жұмысшылар, ағаш шеберлері, атшы КЕРЕК.

Еңбекақы штат расписаниесі бойынша төленеді. АДРЕС: Петропавл қаласы, Пушкин көшесі, 75-үй. Кадр бөлімі.

«Главремстройға» қаладан тыс жерлерде өнеркәсіп және тұрғын үй салу құрылыстарында жұмыс істеу үшін құрылысшы-инженерлер КЕРЕК.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Пушкин көшесі, 54-үй.

Сауда-кулинарлық оқу мектебі азық-түлік товарларын сататын дүкен сатушыларын даярлайтын бөлімге оқушылар алады. Оқуға келіңде 7 класс көлемінде білімі бар 17 жастан асқан жастар қабылданады.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Главмашсбыт» мекемесіне машинаштық КЕРЕК. АДРЕС: Ленин көшесі, 96-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат—1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.